 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b> <i>Сапа нысаны</i>	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1 8 беттің 1 беті
	<b>«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы</b>	

## «ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ОТЫРЫСЫНЫҢ №5 ХАТТАМАСЫ

Астана қ.

«19» ақпан 2025 жыл

**Отырыс форматы:** онлайн/оффлайн

**Отырыс басталуы:** 15:00

**Қосылуға сілтеме:**

<https://us06web.zoom.us/j/81025518838?pwd=ViP738DkzJDnFzSWebha3PUn5Jwpa.1>

**Отырыс материалдарына сілтеме:**

<https://amu.edu.kz/ru/about-university/umo/materialy-zasedaniy-umo/materialy-k-zasedaniyu-umo-ot-21-11-2024-g/>

**Қатысқандар:**

1. ОӘБ төрағасы: А.А. Турмухамбетова
2. ОӘБ төраға орынбасары: Б.С.Имашева
3. ОӘБ мүшесі, «АстМУ» КеАҚ проректоры: В.В. Койков
4. ОӘБ мүшесі, «АстМУ» КеАҚ проректоры: А.Б. Жүнісова
5. ОӘБ мүшесі, «АстМУ» КеАҚ проректоры: М.А.Газалиева
6. ОӘБ мүшесі, «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Білім мен дағдыны бағалау бөлімінің басшысы: К.К. Досмамбетова
7. ОӘБ хатшысы: А.М. Тулегенова

Мүшелер: Оқу-әдістемелік бірлестіктің 61 мүшесі (нысан-Google Forms/QR кодының нәтижелері қоса беріледі)


### КҮН ТӘРТІБІ

1. Негізгі медициналық білім беруді дамытуды талқылау, ҚР ДСМ 2022 жылғы 4 шілдедегі №ҚР ДСМ-63 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу. Баяндамашы - «С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ оқу жұмысы бөлімінің басшысы А.Б. Ташетова.
2. Білім алушылардың аралық тәуелсіз емтиханын өткізу кезеңдерін қарастыру (3 курс) – баяндамашы «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы – Ректордың м.а. В.П. Риклефс.
3. МСАК мамандарының біліктілігін жоғарлату бағдарламаларын бекіту. Баяндамашы Қосымша және бейресми білім беру секциясының төрағасы А.А. Сұлтанғазиева.
4. ЖОО оқытушы-профессорлық құрамының педагогикалық құзыреттіліктер бойынша кәсіби дамуы бойынша білім бағдарламаларын бекіту. Баяндамашы - РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары Б.С. Имашева.
5. Әр түрлі:  
Қоғамдық денсаулық сақтау және басқа да денсаулық сақтау мамандарын даярлау жөніндегі ЖБТ-ның 3 курс студенттерінің аралық тестілеуінің техникалық ерекшеліктерінен Қоғамдық денсаулық сақтау/халық денсаулығы бөлімін алып тастау туралы ұсынысын қарастыру.

**1-сұрақ.**

*Негізгі медициналық білім беруді дамытуды талқылау, ҚР ДСМ 2022 жылғы 4 шілдедегі №ҚР ДСМ-63 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу. Баяндамашы - «С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ оқу жұмысы бөлімінің басшысы А.Б. Ташетова.*

**ТЫҢДАЛДЫ:**

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b> <i>Сапа нысаны</i>	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1 8 беттің 1 беті
	<b>«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы</b>	

«С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ оқу жұмысы бөлімінің басшысы А.Б. Ташетова негізгі медициналық білім беруді дамыту бағыты жөнінде баяндады (баяндама қоса беріледі).

**СҰРАҚТАР:** *«Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ жоғары медицина мектебінің директоры С.К. Муратбекова, «Евразиялық аккредитациялық және білім беру мен денсаулық сақтау сапасын қамтамасыз ету орталығы» КеМ бас директоры С.С. Сарсенбаева* МҚА үшін кредиттер саны, ҮИМББ бағдарламасын аяқтағаннан кейінгі түлектердің жұмыс орыны, дипломдық біліктілікке сәйкес шетелдік студенттердің оқу ұзақтығы туралы сұрақтар қойды.

**ТҮСІНІКТЕМЕ:**

*«Қазақстан-Ресей медицина университеті» МЕББМ оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша проректоры А.С.Кусаинова:* ҚР заңнамасына сәйкес дәлелдер, сондай-ақ экономикалық тәуекелдер, ҚР «мамандық» шеңберінде мамандарды даярлаудың мүмкін еместігінің негізгі себептері (Болон процесі шеңберінде халықаралық кадрлар даярлау стандарттарына сәйкес келмеу, академиялық ұтқырлық, еңбек нарығында және қосымша білім беру проблемалары, интернационалдандыру, білім беру саласындағы мемлекеттік саясатқа сәйкес келмеу, қоғам мен студенттердің хабардар болмауына байланысты қоғамдық наразылық, елді алғашқы медициналық-санитарлық көмек мамандарымен қамтамасыз етпеу, соның ішінде ауылдық жерлерде) ұсынылды.

*ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова:* ҚР ДСМ 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығымен Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының құрылымынан магистратура кредиттерін алып тастау, тағылымдамадан өтуге бөлінген кредиттер санын ұлғайту, МҚА бойынша 4 кредит санын анықтау туралы ұсынды. Міндетті резидентура мәселесі және түлектердің одан әрі мансаптық жолы ҚР ДСМ Ғылым және адам ресурстары департаментімен бірлесіп анықталады.

*«СМУ» КеАҚ академиялық және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Ж.Қ.Смаилова:*

Мемлекеттік білім беру стандартына және басқа да нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар магистрлік жобалармен және ғылыми жетекшілермен анықтау үшін оқу жылы басталғанға дейін аяқталуы туралы ұсыныс. ҮИМББ ББ түлектерінің жұмыс орнын нақты көрсету.

*«Оңтүстік-Қазақстандық медицина академиясы» оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша проректоры М.У.Анартаева:* ҮИМББ бойынша мемлекеттік білім беру стандартына енгізілген өзгерістер ҮИМББ бағдарламаларындағы оқудың барлық курстарын қамтуы керек.

**ШЕШІЛДІ:**

ҚР ДСМ ҒАРД-не «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығына 3-қосымшаның бөлігінде магистратура кредиттерін алып тастау және интернатура кредиттер санын ұлғайту жөнінде өзгерістерді енгізу ұсынылды. Қорытынды мемлекеттік аттестацияға 4 кредит анықталсын.

**Онлайн дауыс беру нәтижелері:**

«келісті» - 45 дауыс

«қарсы» - 1 дауыс


«қалыс қалды»- 10 дауыс

**2-сұрақ.**

**Білім алушылардың аралық тәуелсіз емтиханын өткізу кезеңдерін қарастыру (3 курс).**

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Білім алушылардың (3 курс) аралық тәуелсіз емтиханын өткізу кезеңдері бойынша «ҚМУ» КеАҚ Басқарма төрағасы-Ректордың м.а. В.П.Риклефс сөз сөйледі (баяндама мен №249 бұйрық бойынша салыстырмалы кесте қоса беріледі).

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b> <i>Сапа нысаны</i>	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1 8 беттің 1 беті
	<b>«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы</b>	

### **СҰРАҚТАР:**

*«Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ академиялық сұрақтары бойынша проректоры Н.А.Медетов, «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Білім мен дағдыны бағалау бөлімінің басшысы: К.К. Досмамбетова шетелдік студенттердің тәуелсіз бағалаудан өтуге міндеттілігіне; тәуелсіз бағалаудың екінші кезеңін алып тасталынуы нормативтік құжаттармен бекітілуі, екінші кезең сұрақтарына сараптама жүргізу қажеттілігіне байланысты сұрақтар қойылды.*

### **ТҮСІНІКТЕМЕ:**

*ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова: Курстан курсқа көшіру амалы ретінде тәуелсіз бағалауды анықтау қажеттілігі «Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіби дайындығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» № 249 бұйрығымен бекітілген, сондықтан осы бұйрықтың ережелері жергілікті студенттерге де, шетелдік студенттерге де қолданылады. Осы бұйрыққа ұсынылатын өзгерістер тәуелсіз сараптама басталғанға дейін шешім қабылдау үшін ҚР ДСМ ҒАРД-не жіберіледі.*

### **ШЕШІЛДІ:**

1. ҚР ДСМ ҒАРД-не ҚР ДСМ 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-249/2020 «Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік дайындығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 1-қосымшасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылсын.
2. «Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік дайындығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №249/2020 бұйрығының (енгізілген өзгерістерімен) ұсынылған жобасын орыс және қазақ тілінде ОӘБ шешімімен бірге ҚР ДСМ ҒАРД-не жіберу. **Орындау мерзімі 2025 жылдың 28 ақпанына дейін.**
3. Медико-профилактикалық іс мамандығы бойынша студенттерді тестілеуге арналған техникалық шарттарды «С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ, «ҚМУ» КеАҚ, «АстМУ» КеАҚ әзірлесін. **Орындау мерзімі: мамыр 2025 ж.**
4. Мамандық бағыттары бойынша ЖБТ құрамына базалық пәндер бойынша мамандарды енгізу.

### **Онлайн дауыс беру нәтижелері:**

- «келісті» - 48 дауыс  
 «қарсы» - 1 дауыс  
 «қалыс қалды» - 2 дауыс

### **3-сұрақ.**


*МСАК мамандарының біліктілігін жоғарлату бағдарламаларын бекіту.*

### **ТЫҢДАЛДЫ:**

*Қосымша және бейресми білім беру секциясының төрағасы А.А. Сұлтанғазиева МСАК мамандарының біліктілігін жоғарлату бағдарламаларын бекітуге ұсынды (баяндама қоса беріледі).*

### **ШЕШІЛДІ:**

1. Біліктілікті арттыру бойынша әрқайсысы 8 кредит/240 сағат көлеміндегі келесі білім беру бағдарламалары бекітілсін:
  - Жалпы тәжірибелік дәрігер жұмысындағы цифрландыру, құқықтық реттеу және ауруларды басқару бағдарламаларының өзекті мәселелері;
  - Анемиялық синдром. Инсульттің алдын алу;
  - Жалпы тәжірибелік дәрігер жұмысындағы шұғыл медициналық көмек;

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b> <i>Сапа нысаны</i>	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1 8 беттің 1 беті
	<b>«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы</b>	

- Жалпы тәжірибелік дәрігер жұмысындағы педиатрияның өзекті мәселелері;
- Хирургиялық аурулардың өзекті мәселелері;
- ЖТД тәжірибесінде арқа және буындардағы ауырсыну;
- Дәрігер тәжірибесінде гепатобилиарлы жүйенің ауруларын диагностикалау және емдеу. Клиникалық көрінісі, диагностикасы және емі: панкреатит, гастрит, асқазан жарасы;
- МСАК дәрігерінің жұмысында онкологиялық сергектік және онкологиялық ауруларды ерте диагностикалау;
- Жұқпалы ауруларға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру;
- Акушерлік-гинекологиялық көмекті амбулаторлық жағдайда көрсету;
- Қауіп факторлары және жүрек-қан тамырлары, эндокриндік және нефрологиялық ауруларды ерте анықтау;
- Егде жас тобындағы науқастарды жүргізу ерекшеліктері;
- Медициналық оңалтуды амбулаторлық жағдайда көрсету.

2. Өзірлеушілер біліктілікті арттыру білім беру бағдарламаларын Каталог АЖ-де орналастырулары қажет. **Орындалу мерзімі – 2025 жылдың 28 ақпанына дейін.**

**Онлайн дауыс беру нәтижелері:**

«келісті» - **50 дауыс**

«қарсы» - жоқ

«қалыс қалды»- жоқ.

**4-сұрақ.**

**ЖОО оқытушы-профессорлық құрамының педагогикалық құзыреттіліктер бойынша кәсіби дамуы бойынша білім бағдарламаларын бекіту.**

**ТЫНДАЛДЫ:**

РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары Б.С. Имашева ЖОО оқытушы-профессорлық құрамының педагогикалық құзыреттіліктер бойынша кәсіби дамуы бойынша білім бағдарламаларын бекітуге ұсынды (баяндама қоса беріледі).


**ШЕШІЛДІ:**

1. *Негізгі деңгейдің* келесі модульдерін бекіту:

- Заманауи медициналық білім беру: деңгейлері, ерекшеліктері, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуі
  - Заманауи білім беру технологиялары, білім алушыға бағытталған оқыту принциптері
  - Білім беруді цифрландыру жағдайындағы АКТ технологиялары
  - Кері байланыс және білім алушылардың құзыреттілігін бағалау
- Жетілдірілген деңгей*
- Заманауи медициналық білім беру: деңгейлері, ерекшеліктері, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуі
  - Білім сапасы жүйесі: мониторинг және бақылау
  - Білім беру бағдарламаларын жобалау
  - Оқу процесін басқару
  - Білім беруді цифрландыру жағдайындағы АКТ технологиялары
  - Клиникалық пәндерді оқытудағы инновациялық тәсілдер, зерттеу дағдыларын дамыту
  - ОПҚ-ның ғылыми-зерттеу және жобалау қызметі
  - Медициналық білім берудегі көшбасшылық

2. Өзірлеушілер біліктілікті арттыру білім беру бағдарламаларын Каталог АЖ-де орналастырулары қажет. **Орындалу мерзімі – 2025 жылдың 28 ақпанына дейін.**

**Онлайн дауыс беру нәтижелері:**

 <b>ASTANA MEDICAL UNIVERSITY</b>	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b> <b>Сапа нысаны</b>	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1 8 беттің 1 беті
	<b>«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы</b>	

«келісті» - 49 дауыс  
«қарсы» - жоқ  
«қалыс қалды»- 2 дауыс

## 5. Әр түрлі

### 5-сұрақ.

**Қоғамдық денсаулық сақтау және басқа да денсаулық сақтау мамандарын даярлау жөніндегі ЖБТ-ның 3 курс студенттерінің аралық тестілеуінің техникалық ерекшеліктерінен Қоғамдық денсаулық сақтау/халық денсаулығы бөлімін алып тастау туралы ұсынысын қарастыру.**

### ТҮСІНІКТЕМЕ:

*«Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Білім мен дағдыны бағалау бөлімінің басшысы К.К. Досмамбетова:* 3 курс студенттерінің аралық тестілеуінің техникалық ерекшеліктерінен алынып тасталған «Эпидемиология, биостатистика және қоғамдық денсаулық/халық денсаулығы» бөлімдеріндегі сұрақтардың орнына әлеуметтік ғылымдар блогына сұрақтарды қайта бөлу туралы ұсыныс жасады.

### ШЕШІЛДІ:

1. ҮИМББ ББ «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология» 3 курс студенттерінің аралық тестілеуінің техникалық ерекшелігінен «Эпидемиология, биостатистика және қоғамдық денсаулық/халық денсаулығы» бөлімі алынып тасталсын.
2. Алынып тасталған сұрақтарды әлеуметтік ғылымдар бөліміне қайта бөліну қажет.

### Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - 44 дауыс  
«қарсы» - 1 дауыс  
«қалыс қалды»- 2 дауыс

РОӘК ОӘБ төрағасы

Хатшы

*А.А. Турмухамбетова*  
*А.М. Тулегенова*

А. А. Турмухамбетова

А.М. Тулегенова

*А.А. Турмухамбетова*